

ЕСЕБІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

«6D011300 – Биология»
(кеңестің шифры)

Диссертациялық кеңестің төрағасы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының 2019 жылғы 15 мамыр № 04-02-02-02/42 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске 6D011300 – Биология мамандығы бойынша бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте 2019 жылдың 15-мамыр мен 31-желтоқсан айлары аралығында 6 кеңес отырысы өкізілді

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңес құрамы 8 адам. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшесі болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Батаева Дариға Серікқызы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

2. Абдукадирова Жансая Абдимуратовна, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

3. Майматаева Асия Дуйсенғалиевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

- диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы;

- қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

Батаева Дариға Серікқызы

Диссертация тақырыбы: Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 18 қыркүйек 2019 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Дюскалиева Гульжамал - биология ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Биология кафедрасының профессоры.

Үсенбеков Бақдаулет Наубаевич - биология ғылымдарының кандидаты, доцент. Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты, Өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы зертханасының меңгерушісі.

Чангронг Ие - PhD, профессор. Юньнань ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының ғылыми қызметкері, Куньмин қ., ҚХР.

Білім саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін білімнің сапасын жоғары деңгейге көтеру мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамыту міндеттерін шешудегі еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандар даярлауды қажет етеді. Бүгінгі таңда кәсіби маман ретінде өз бетінше білім алуға қабілетті, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алатын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ететін тұлғаны дайындау құзыреттілік тәсіл арқылы жүзеге асырылып отыр. Зерттеу жұмысы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге және нормативті құжаттарға жасалған талдау күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жоғары мектепте өзекті екендігін көрсетті. Адами капиталдың сапасын жақсартуда, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін, жаңа инновациялық технологияларды қолданау арқылы күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін пайдалану туралы болашақ мұғалімдерге білім беру мен практикада өсімдіктердің абиотикалық факторларға төзімді түрлерін алуды үйретуді қарастыруы диссертациялық жұмыстың өзектілігіне күмән келтірмейді. Жұмыстың құндылығы ғылымды практикамен ұштастыра отырып, ғылыми нәтижені білім беру барысында қолдана білуге үйрету, болашақ маманның зерттеушілік, кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселе екендігін көрсете білгендігенде деп есептейміз. Биология пәнінен мектепте де, ЖОО–да білім беру барысында кез келген нысанды зерттеу, тәжірибе жасау, бақылау нәтижелеріне сүйене отырып оқыту негізгі орын алатыны белгілі. Осындай жұмыстар арқылы біріншіден, болашақ мұғалімдер зерттеу жүргізудің теориялық-әдістемелік негіздерін меңгерсе, екіншіден, оның нәтижесін сабақ барысында қолдануды үйретуіне арналуы диссертациялық жұмыстың көкейкестілігін арттыра

түседі. Болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың толықтырылған мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылып, «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің оқу үдерісіне ендірілгені, күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретуге бағытталған элективті пәндерінің мазмұнына сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуы докторанттың диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік-экономикалық тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған деп айтуға толық негіз бар.

Докторант күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты диссертациялық жұмысында білім берудегі мәселенің жаңа тетіктерін анықтай отырып, зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда ғылыми жетістіктер деп танылатын маңызды теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізгенін атап өтуге болады:

Бірінші нәтиже: жоғары оқу орындарында күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін білім беруде қолдануға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге жан-жақты талдаулар жасалып, жоғары оқу орындарындағы биологиялық білім беру мазмұнында тұзға төзімді күріш дақылының физиологиялық-генетикалық ерекшеліктері нақтыланып, болашақ биолог мұғалімдердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері айқындалған.

Екінші нәтиже: күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретуге бағытталған «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің мазмұнына сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделін жасаға.

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың толықтырылған мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылып, «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндері оқу үдерісіне ендірілген.

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша ғылыми зерттеу нәтижелерін қолдану әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген.

Алынған нәтижелерді студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін тиімді қолданып, оқыту әдістемесін дайындап, күріштің тұзға төзімділігін үйретудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталған. Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер сәйкес, өзара байланысты және зерттеудің ғылыми болжамының мәнін толық ашады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер бір-біріне қайшы келмейді, өзара байланысты және зерттеудің жетекші идеясының мәнін толық ашады. Ал олардың сенімділігі зерттелініп отырған

мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген тұғырлармен қамтамасыз етілген.

Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде кеңінен пайдалануға болады.

Абдукадирова Жансая Абдимуратовна

Диссертация тақырыбы: Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 18 қыркүйек 2019 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Курманбаева Меруерт Сакеновна – биология ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі.

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Биология кафедрасының профессоры.

Бияшев Руслан Маратович – PhD доктор, Вирджиния мемлекеттік университетінің политехникалық институты, Вирджиния штаты, АҚШ.

Отандық білім беру жүйесі өз іс әрекетінің мақсаттары мен нәтижелері туралы көптеген іргелі шешімдер қабылдауда. Білім сапасын әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары деңгейге көтеру замануи талап. Білім алушыларға оқытудың инновациялық технологиялары арқылы түрлі формада ақпараттар беру және олардың қабылдау мен ойлау үдерістерін белсендіру, назарларын ұшқырландыру, әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіреді. Білім алушылардың инновациялық іс-әрекеті зерттелген жаңалықтарды қолданысқа ендіріп, іс жүзінде пайдалануы, яғни оларды оқу үдерісінде виртуалды нысандарды, заттар немесе құбылыс үлгілерін құрастыруымен сипатталады.

Білім берудегі инновация теориялық және практикалық сипаттағы педагогикалық үдерісте қолдану нәтижесі арқылы анықталған. Осыған орай болашақ биолог мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың маңызы зор. Бұл өз кезегінде болашақ биолог мұғалімдерге тәжірибелі эксперимент жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі виртуалды компьютерлік технологияларды білім беру үдерісінде тиімді пайдалануы негіздеумен анықталған. Болашақ биолог мамандарды даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі жасалынған.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері айқындалған. Инновация, жаңару, инновациялық әдістер, ойлау процесі, психологиялық зерттеу бағыттары, ойлау қабілеттері мен ұғымдарын зерделеп, мәні мен мазмұнын саралаған.

Екінші нәтиже: өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылып мақсаттылық, мазмұндық, бақылау-бағалаушылық, нәтижелік блоктары жасалған.

Үшінші нәтиже: жоғары оқу орындарындағы ізденушілерге өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру бойынша жаңа заманауи әдістермен «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» элективті пәнінің бағдарламасы даярланып, оқу үдерісіне ендірілген.

Төртінші нәтиже: өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру әдістемесі эксперимент жүзінде тексеріліп, анықталған нәтижелерге талдау жасалып, тиімділігі дәлелденген.

Майматаева Асия Дүйсенғалиевна

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 27 желтоқсан 2019 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Биология кафедрасының профессоры.

Иманкулова Софья Копесбаевна – биология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, биология кафедрасының профессоры

Суматохин Сергей Витальевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық педагогикалық университетінің биология және адам физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы.

Қазіргі таңда ХХІ ғасырдағы ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында келесі міндеттерді шешу анықталды: яғни, компьютерлер, интернет және телекоммуникациялық желілерін, электрондық, мультимедиялық-электрондық оқулықтарды білім беру ортасында орнымен пайдалана отыр білім сапасын көтеру.

Тақырыптың өзектілігі зерттеу жұмысы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге, нормативті құжаттарға жасалған талдау арқылы

болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жоғары мектепте өзекті екендігін көрсетілген және болашақ маманның кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселе екендігін айқындай білгендігенде.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;

Екінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздемесіне сүйене құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған;

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны анықталған және әдістемесі жасалған;

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген және оқу үдерісіне ендірілген.

Алынған нәтижелерді болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселені шешуге жол ашады деп бағалауға болады. Ал олардың маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістемесінің қажеттілігімен айқындалады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелері өзара байланысты және олардың дәлелділігі зерттелініп отырған мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген дәйектермен сипатталады. Аталған зерттеу жұмысы мен алынған нәтижелері болашақ биолог мұғалімдерді даярлау үдерісінің теориялық және әдістемелік тұрғысынан дамуына үлес қосады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде биология, саласындағы және биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

Батаева Дарига Серікқызының диссертациясы бойынша:

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Аметов Абибулла - биология ғылымдарының кандидаты. әл - Фараби

атындағы ҚазҰУ-нің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті.

Абдукадирова Жансая Абдимуратовнаның диссертациясы бойынша:

Бакирова Кулжахан Шаймерденовна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің география, экология және туризм кафедрасының профессоры.

Ситпаева Гульнара Токбергеновна – биология ғылымдарының докторы, Ботаника және фитоинтродукция институтының директоры.

Майматаева Асия Дуйсенғалиевнаның диссертациясы бойынша:

Төлеуханов Султан Тулеуханович – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі.

Калиева Анар Нурғайыповна - PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО басшылары және бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудару қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	6D011300 – Биология
Қорғауға қабылданған диссертациялар	3
Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	2
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-
Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-
Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	3
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	2
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы *Э.М. Аманбаева*

Диссертациялық кеңестің
Ғалым хатшысы

09.01.2020 ж.



РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: **Ж.Б. Чилдибаев**
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абая
КОЛЫ
ПОДПИСЬ

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: **М.Б. Аманбаева**
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абая
КОЛЫ
ПОДПИСЬ